

11 КОЛЛЕКЦИЯ

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл.

М. Әлімбаев.



ЕРТЕГІ-ДАСТАН

АРНАУ

Ерте күннен — ескіден
Ескірмеген ертегі.
Құйма құлақ естіген
Құйқылжыта шертеді.
Кәрі әжең мен қарт атаң
Секілді ғой ертегі:
Сені қағып арқадан

БІРІНШІ БӨЛІМ

Қара жердің өзіндей
Қайғы, шерді, кейісті,
Ғасырлар бөлі үзілмей
Көтерген қалай Жер үсті?!
Болған екен бір жарлы,
Болған екен жұбайы —
Құрығы ұзын сұм тағдыр
Құртқан мысын ұдайы.
Майы бітіп, таусылған
Шырағдандай күш көміп,
Сарсып құлақ шаң-шұңнан,
Жақы жүрді тістеніп.
Жүдеу үйде аласа
Жеп болды да түнгі асты.
Жұбайымен оңаша
Жақы байқұс мұңдасты.
— Қысқы күндей қысқа өмір
Көрсетпеді бір қызық.
Әуреледі босқа, құр
Есек — үміт мінгізіп.
Туған жерден тентіреп,
Алыс кеттік қара үзіп.

Еркелете ертеді.
«Байымдамай қадірін
Есер өстік, ерке өстік.
Кейін ұқтым барлығын
Алдар, Аяз, Ертөстік...»
Дәуші болма, інішек,
Дер шағыңда естіп біл.

Түбі бірге ер-тірек:
Сөнер отқа тамызық,
Ауылды іздеп табайық,
Күні құрсын кірменің.
Қарайласар қалайық
Жоқшылықтың бір емін...
Қара лашық сатылды —
Құны болды бір есек.
Қаракемер шақырды —
Қол бұлғады келешек.
«Қайда барсаң бытпылдық»
Күтіп алды Жақыны:
Сол баяғы ит құлдық,
Жаздырмады тақымды.
Еңіреді тартып іш,
Жаутаңдады көздері.
Қол ұсынар қай туыс
Қаңсып отыр өздері.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бір тапқырдың айтқаны
Дәу бойына орай кеп,
Содан бері Айтқали

Ел мұрасын сүйсе тек
Ер боп өсер есті ұл.
Емес мұным Қаңбақ шал,
Емес мыстан, дию да!
Ертегіме құлақ сал,
Ер де жөнел қиырға.

Атаныпты Сорай деп.
Іздеп туыс жақынын,
Тие ме деп көмегі.
Көшіп кеткен Жақының
Үйін алған сол еді.
Хандар кірер ақ орда
Бұйым емес бойына.
Мұндай алып туар ма,
Қарулы ед қолы да.
— Көне лашық төпенек,
Көтерейін еңсесін,—
Деді Сорай.
Дәу күрек
Алды қолға, бел шешіп.
Күрек бойлап кеуледі —
Күрең топырақ атылды.
Көзіне Сорай сенбеді,
Әйелін де шақырды.
Үйдің астын көрнеген
Кесек-кесек сары алтын!
Мұндайды естіп-көрмеген



Талып түсті сар қатын.
— Алып кетсін алтынын,
Құдай мұндай берер ме?! —
Іздеп Сорай Жақыны
Тартты Қаракемерге.

...Жақы безді алтыннан
Ала қашты ат-тонын:
Бұзбай өтем жалғаннан
Адалдықтың ақ жолын.
Жарымаған жарлының
Жалынғаны — адалдық.
Жарлымын да арлымын
Жанға жақпас қараулық.
Көзің сатып жеген нан
Кептеледі өңешке.
Терің сатып жеген нан
Балдан тәтті емес пе?
Белгілі үй ғой бұрыннан,
Алтын жоқ-ты мен барда.
Несібе саған бұйырған,
Риза бол сен ал да.
Өзіндей сорлы құрбының
Сөзі қонды көкейге.
Сорай да айтты пікірін
Сой еді ол бір екейде!
«Жарымаған жарлының
Жалынғаны — адалдық,»
Дедің сондай жарлымын
Маған да жақпас қараулық.
Оңай олжа — арам ас,
Мен де алтыннан беземін.
Бола қоймас балам аш,
Терсем де жер тезегін.
Қазыға барды екеуі
Толғандырып тосын жай.
Даудың жөнін шертеді,
«Осылай да осылай»
Қазы айтты біріңнің
Ұлық болса ержеткен,

¹ Ру аты.

Әгәрдәки біріңнің
Қызың болса бойжеткен,
Сол екеуін қоса гөр,
Қоса ағарсын қосағы.
Алтынды да қоса бер
Болар еншің осы әрі.»
«Екі жарты бір бүтін»
Қыз бен жігіт қосылды.
Бола қалды бір түтін,
Ұлғайтты да қосынды.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Жас жұбаймен отырып,
Жігіт бір күн мұндасты.
Көптен жүрген өкініп
Көңілдегі сырды ашты.
— Жарымаған жарлының
Жалынғаны — адалдық.
Жарлымын да арлымын
Жанға жақпас қараулық.
Көзің сатып жеген нан —



Кептеледі өңешке
Терің сатып жеген нан
Балдан тәтті емес пе?!
Депті әкеміз, білдің бе,
Шалдар ғұрлы жоқпыз ба?!
Қара басты бізді не,
Отырғандай көк мұзға?
Қазыға барды екеуі,
Ойландырып осы жай.
Даудың жөнін шертеді.
Осылай да осылай...
«Мен шеше алмас дау екен»
Қазы ханға сілтеді.
Хан да осал жау ма екен
Құртады ғой діңкөні.
Қатыгез хан, қатал бай
Тартып апты топталып.

Өз жемісін тата алмай,
Қамығыпты көп халық.

Жайқалған тау төсінде
Алма, өрік, қарағаш...
(Бар деседі ішінде
Сонау бақтан сан ағаш).
Алатауда, жаз жайраң
Жайқалады жасыл бақ.
Осында жүр мез-мәйрәм
Пионерлер — жас ұрпақ.
Шырқап шаттық өлеңін,
Гүлдер егіп, доп ойнап.
Көкке ұшырып моделін,
Тың «қамалды» атойлап.
Сонда қанат жаяды
Жақыбайлар ұрпағы.
Осы еді ғой баяғы
Ата-баба іңкәрі.

Қыз бен жігіт екеуі
Ханға да барды жасымай.
Алтын жөнін шертеді
Осылай да осылай.
Уәзір екен данышпан
Жиренше шешен атақты.
Орағытып алыстан
Ханды сөзбен матапты:
«Хан тақсыр, Сіз алыңыз:
Алтынға елді жалдаңыз.
Алма бағын салыңыз —
Халқыңызға арнаңыз.
Айта алмай хан билікті,
Келісіпті көп тұрып.
Дүйім жұртты жиыпты,
Алма бағын ектіріп.



Есік пен Қаракемерде
Алма ағаш қаулап әуелеп,
Ырызық боп көп елге
Алма есіпті мәуелеп.

Маладағы сыр

ӘНГІМЕ



Балқыған күмістей күн ұясынан шыға, таң қараңғысын серіпті. Ұйысқан шалғын бетінде мөлдір моншақ жылт-жылт етеді. Маужыраған Жайық өзенінің бойындағы тоғайлықта болмашы самал жел ессе, сыбырай сыр шерткендей болады.

Киіз үйден шыққанда Әлібектің жүзі жабырқанқы еді. «Қозыға бар» деп ерте тұрғызған әкеге өкпелі болатын. Жомарт табиғаттың мынау көрінісі Әлібектің көңілін жадыратқандай болды. Ол ұйқылы көзін жиі укалап, үйден ұзай бере, таяқты ат қып шаба жөнелді. Қарақат көзі мөлдірей, мойылдай қара шашы желпілдеп келеді.

Ауыл іргесіндегі қырат үстіне шыға, жүгірісі баяулай берді. Көзі ылдидағы қозы, лақтарынан әрі тай шаптырым жердегі зираттарда. Сол бейіттер Әлібекке ыстық. Онда, осыдан бір ай бұрын қайтыс болған анасы жатыр. Қазір де бейіт басындағы төрт қырлы құлпытас күнге шағылысып, «Әбішім менің. Келе ғой, қарғам. Айналайын» — деп шақырып тұрған тәрізді.

Сырлы тасты сүйіп: «Апажан, мен келдім ғой. Шықсайшы. апажан... Әбішімнің...

Сағындым ғой, апажан», — дегенде ыстық жас Әлібектің көзінен еріксіз ытқып-ытқып кетеді.

Жылағанын көкесіне білдірмейін деді ме, жоқ болмаса, өзінің сағынышын, өксігін басқаны ма, бетінің айғызын көйлегінің етегімен ысқылай сүртеді. Дәл осы мезетте әлдеқайдан дыбыс естілді... Адам даусы. Сыбырлай шапшаң-шапшаң сөйлейді де, тоқтай қалып, бір нәрсені тоқылдатады.

Буыны босап, қорқып кеткен Әлібек жалт беріп қаша жөнелді. Біраз жер жүгіріп, артына қараса, қуып келе жатқан жан жоқ. Тек мазақ еткендей тырбиған көленкесі ғана өзімен жарысып келеді екен.

Демін зорға алып, жерге отыра кетті. Басына әр нәрсе үйіріледі. «Бұ не болды екен? Төбесі ашылып қалған молаға, түсіп кеткен лақ болса, қорқып қашқаным ұят-ау! Шұңқырға құлаған лақ үйелеп өледі деуші еді көкем».

Әлібек моланың арасымен жылжып, дауыс шыққан жерге жақындап келді. Әлсіз-әлі тоқтап, айналасын бағдарлайды. Бір жаны ішіне опырылып түскен моланың екінші шетіне келіп тоқтады. Жүрегі алып ұшып, лүпілдейді. Қанша қорықпауға бекінсе де, буыны босай берді. Осы кезде, ылдида шоқ мия мен алабота өскен жыраның ішінен бірдене қаран етті... Адам! Әлібек өз көзіне өзі сенбей, көзін укалап-укалап жіберіп, бір көзін қысып сығалап та, ашып та қарады. Адам. Бейкам адам сияқты. Айналасындағы дүниемен ісі жоқ. Елеусіз жырада күржіңдеп бірдене істеп жатыр. Сыртын беріп отырған мынау адамның жүзін көре алмай қойған Әлібек, моланың екінші жанынан шығып қарады. Міне қызық. Жап-жас жігіт... Оу! Мынау Махмұт ағай ғой. Имек мұрны, тіпті бетінің бұжыры да айқын көрініп тұр. Дәл өзі. Бірақ, неге екені белгісіз, түсі суық. Қабағын түйіп алған, Ағай деп ұмтылайын деді де, Әлібек үнсіз тұрып қалды.

Әлібек көшеге шыққанда, колхоздың тар көшесі ерсілі-қарсылы жүгірген адамға толы екен. Әр адамның аузында «Өрт, өрт! Көршілес колхоздың астық қоймасы өрте-ніпті» деген абыржыған сөз.

Күрек, айыр ұстағандар машиналарға мініп жатыр.

— Тез отырындар! Болындар! — деп председатель асықтырады.

Әлібек жүгіріп үйге келді. Көкесінің жұмыс киімімен жүр. Асығыз-үсігіп үйден шығып кетті.

Тып-тыныш үйдің іші Әлібекті қатты үрейлендірді. Шамның жарығына кітабын алып оқын деп еді, оқи алмады. Ойына Махмұт ағай түсе берді. Сөйткенше болмады, есік сарт етіп ашылды да, Махмұт кіріп келді.

— Кеш жарық!.. Әлібек жалғызбысың? Көкең қайда? — деді Махмұт ағай, Әлібек Махмұттың еңтігіп тұрғанын, маңдайындағы қара дақты көріп таң қалды.

— Көршілес колхозға кетті.

Махмұт ағай да:

— Жақсы Әлібек! Тек кіріп шығайын деп, — деді де, іле шығып кетті. Орнында етіктің балшығы және үш түйір бидай қалды. Әлібек, қолына алып біраз қарап тұрды да: «Махмұт ағай шпион екен» — деді ішінен. «Шпион болмаса, мына бидай қайдан жүр? Астық қоймасында болған». Ол түні бойы осы оймен арпалысып шықты. Таң ата үсті-басы шаң, күйе-күйе көкесі де келді.

— Әбішім, әлі ұйықтаған жоқсың ба?

— Ұйқым келмейді, көке.

— Ұйқың келмесе, ұйықтамай-ақ қой.

— Көке... мен бірдене айтсам, ұрыспайсың ба? Көптен бері айтпай жүр едім.

— Не деп ұрсам, қарағым. Айта ғой.

— Ертең шекарашыларға барып айтпак едім, көке. Білесің бе, Махмұт ағай шпион.

— Шпи-о-он! Өй, сен не сөйлеп тұрсың өзін! Масқара-ай!

— Мен даллада көргем оны. Рас айтам.

— Даллада жүргеннің бәрі шпион бола ма?! Қайдағы жоқты шығармай, тыныш жүр.

— Айтам!.. Бәрібір айтам, — дегенде Әлібектің көзі ұшқындана қалды.

— Нені айтасың?

— Шпиондығын.

— Жоқ сөзді қоясың ба, жоқ па өзін?!

— Қоймаймын!.. Айтам, айтам.

— Қысқарт енді, — дегенде әке даусы ашы шықты.

Жазықсыз жазғырған әкеге өкпелі Әлібек жылап сыртқа шыға жөнелді. Боздап келеді.

Моладағы анасына мұның шағып арыз етпек.

Күздің салқын жауыны себелеп тұр. Бейіт ішіне кіре Әлібек қорқа бастады. Сонда да тайынбай анасының қабырының аяқ жағына отыра кетті. Жылап отыр. Жетім көңілін жұбатар жан жоқ. Тек бір дел-сал тыныштық. Жаңбыр суының сылдыры ғана «Әлібек, жылама, сенікі дұрыс» дегендей.



Үш кадам жерден біреу өте берді. Әлібек жата қалды. Шошып кеткен ол қаша алмай, жербауырлады. Әлгі адам қолтығындағы кішкене түйіншекті жерге көмді де, ауылға қарай беттеді.

«Таңыс жүріс... Аяғын сүйрете, сылпылдата басады. Махмұт. Махмұттың жүрісі. Нақ өзі.» Көзден ғайып болғанша қарап жатты да, Әлібек тура шекарашыларға тартты. Артына қарап қойып, жүгіріп келеді.

Тастай қараңғы түн. Көзге түртсе көргісіз. Шаршап, аяғын балшықтан әзер алып келе жатыр. «Адасып кеттім бе» деп те ойлайды. Айқайлайын десе, Махмұт естіп, ұстап алатындай... Дыбыстай алмай келеді.

Үсті-басы малмандай су. Аттай бере жүрелей құлады. Қайта тұрып үш кадам жүріп, тағы құлап түсті. Тәлтіректей тұрып, теңселіп жүре бергенде:

— Кім келе жатқан, тоқта! Қозғалма оршыңнан! — деді қараңғы түнектен саңқеткен бір дауыс. Осы кезде Әлібек те әлі бітіп, құлап түсті...

«Ашуы басылған соң өзі келер. Қараңғы жаңбырлы түнде қайда барар дейсің, — деп отырған әке шын хауіптене бастады. — Қайда кетті, шұңқырға түсіп кетті ме? Бейітке шешесіне баратыны бар еді. Оған барады дейтін, жаңбыр жауып тұр. Көршілердікіне бармапты».

Әке киініп бейіт басына, көрші колхоздарға барып қайтты. Ешбір жан баласы көрмепті. Түн ортасы ауып, таң қараңғысы да түсті. Әке басып ұстап, жалғыз отыр.

— Кіруге бола ма? — деді есіктен көрінген бейтанис солдат.

— Кіріңіз.

— Мендіқайсаров Әлібектің әкесі сіз боласыз ба?

— Я, мен...

— Штабқа сізді генерал Морозов шақыртып отыр. Сыртта машина тұр, асығыңыз.

— Неге шақыртады. Білмейсіз бе?

— Жок. Білмеймін...

Тап-таза бөлменің терезесінен жәйлі самал еседі. Шық-шық еткен қараторғай-

дың шикылы да ерекше әсерлі. Аппақ қойканың үстінде жатқан Әлібектің бетін терезенің шторы баяу ырғалып аймалайды.

Әлібек көзін ашқанда, қасында екі адам күбірлеп сөйлесіп отырған:

— Балаңызға салқын тиген. Қазір хауіпсіз. Екі-үш күнде тұрып кетеді... Бәрінен де кереметі балаңыздың қырағылығы. Генералдың өзі қатты риза. Оның қандай жауды ұстап беріп отырғанын білсеңіз?!

— Білем. Көршілес колхоздың қоймасын өртеген сол дейді ғой генерал. Біздің колхоздың да астық қоймасын өртедек екен.

— Сонымен бірге... Біздің жеріміздің картасын түсіріп алған, енді шетке жіберуі қалыпты. Міне, сол уақытта ұсталып отыр ғой, — деді дәрігер. — Балаңызды көресіз бе, қандай екенін.

Екеуі де бұрыла беріп, Әлібектің ояу екенін көрді. Әке қуанышы қойнына симай, баласына құшақ жая ұмтылды.

— Садаған кетейін, Әбішім менің... Кешір аңғал әкенді, кешір құлыным! — дегенде, әке өкінішінің куәсіндей көзінен ыстық жас тамып-тамып кетті.



ТҮСТЕ

Түс болды. Қойлар маңырап,
Келеді шұбап өзенге.
Кетер деп козы жамырап,
Жүгірді төлге әжем де.

Әжемнен бұрын бардым да,
Қозымды әкеп қамадым.
Қысты әжем мені баурына:
«Көп жаса, — деді, — қарағым!»

Түсте де, кешке — күнде мен
Алдынан шығам атамның.
Атына мен де мінемін,
Керемет мықты аты оның.

Атамның ала қоржыны,
Келеді толып қозыға.
Көрем де титтей қозыны,
Қараймын оған қызыға.

Бірі — сұр, бірі — қаракөк,
Сипайды атам басынан.
«Қозымды жығып алар» деп,
Кетпейді қойлар қасынан.

Ш. Мұхамеджанов.



Н. Вирта.

РЫЖИК ДЕГЕН МЫСЫҚТЫҢ НЕМІСТЕРГЕ БАРҒАНЫ ЖАЙЛЫ ӨЦІМЕ

Орыста: «Ит иесіне тартады, мысық мекеніне тартады» деген мақал бар. Осы өте дұрыс та. Егерде, ит иесін жақсы көрсе, оған еріп қайда болсын барады. Иесінің үйін өз үйіндей көреді. Үлкен иттің басқа адамдарға үйренуі қиын. Ол өзінің бұрынғы иесін көпке дейін сағынып, тамақ ішпей, өнебойы қыңсылаумен болады. Жаңа иесінен қашып, бұрынғы иесіне жиі барғыштайды. Ондай кезде оны байлап-мағап ұстап тұра алмайсың.

Ит — адамның адал досы.

Мысықтың жөні басқа. Оның жақсы көретіні — мекені, үйі. Оған кім не болса да, бәрібір. Ол кез келген кісіге еркелеп, кез келген кісі оған оп-оңай не бола кетеді. Әрине, мысықтың бәрі бірдей емес. Дегенмен, мысықты біздің досымыз деп айту қиынырақ.

Солай болса да, мен адамға жақсылық еткен бір мысықты білемін. Оның өзі де, басқа мысықтар сияқты, иелеріне емес, мекеніне үйренгеннен болған нәрсе еді.

Ол мысықтың иесі — солдаттар, Сталинград солдаттары болатын. Олар генерал Чуйковтың атақты алпыс екінші жауынгер армиясының солдаттары еді, Сталинградты жанындай қорғап, оны жауға бермеді.

Сталинградта әр квартал, әр көше үшін ғана емес, тіпті әрбір үй үшін ұрыстар жүрді. Бір үйдің немесе завод цехының бір жағында біздің солдаттар, екінші жағында немістер отырған кездер де болды. Қай жағы болсын, бірін-бірі құртып жіберуге отырған жерінен қуып шығуға тырысты. Ол бір өте ауыр соғыс еді, онда біздің солдаттар өздерінің нағыз батыр екендігін көрсетті. Әрине, олар соғыстың қай жерінде болсын солай етті ғой.

Рыжик деген мысықтың иесі болған солдаттар қала шетіндегі бір заводтың жартылай қираған цехында тұратын. Оның қарсы алдында, басқа цехта немістер болатын. Бұл екі цехтың арасы жүз метрден аспайтын. Дұшпанның не істеп жатқанының бәрін біздің жақ, біздің не істеп жатқанымыздың бәрін ол жақ біліп отыратын. Дамыл алған кездерде біздің солдаттар өлең айтуды тәуір көретін. Ол солдаттардың сүйікті әні «Катюша» еді. Жақсы да көңілді ән ғой! Біздің солдаттар әндіте отырып, өлеңнің қайырмасына немістердің қалай қо-

ОЛАРДЫҢ адалдығы

сылғанын еститін. Өлеңнің сөзін олар білмейтін. Иә, олар оны қайдан білсін!

Алайда, мұнда тыныштық сирек болатын. Соғыс қызу жүрді. Біздің жақ немістерді тұрған цехынан қуып шығуға тырысты. Ал, олар батыл қарсыласты, өйткені, тұрған жері өте қолайлы еді. Немістер ол жерден Волганың жағалауына дейінгі біздің әскерлердің жатқан жерінің бәрін көретін. Көргені былай тұрсын, сол жерді түгел оқтың аузында ұстауына болатын.

Қысқасын айтқанда, одан қалай қашсаң да, құтыла алмайтынсың!

Сондықтан, дұшпанның осы цехқа бекініп алып, қолайлы позицияны алуға біз қанша тырыссақ та, қатты қарсылық көрсетуі жай емес-ті.

1942 жылдың ноябрь айының аяқ шеніне дейін осылай болды. Сол кезеңде Сталинградқа төнген германның екі армиясын совет әскерлері қоршап алды. Қоршау тұзағы барған сайын тарылып, қыса түсті. Беріл деп сан рет айтқанмен немістер беріле қоймады. Оларға Сталинградтан айрылмауға Гитлердің бұйрығы болған еді. Қайткен күнде де беріспей, барынша шыдау керек. Сталинград — темір жолдардың маңызды торабы. Сол үшін де немістер жабысып айрылмады.

Совет командирлері: «Немістерді тізе бүктіру керек, тізе бүкпесе, олардың көзін жою керек, — деген бұйрық алды. — Бұл неғұрлым тезірек жүзеге асырылса, — делінді ол бұйрықта, — соғұрлым соғыс тезірек бітеді».

Мұны Сталинградтағы әрбір жауынгер түсінді. Олар көзсіз ерлік жасап, күні-түні жауға лап беріп, бір үйден соң бір үйді, бір көшеден соң екінші көшені, бір кварталдан соң екінші кварталды, бір цехтан соң екінші цехты немістерден тартып ала берді.

Рыжик деген мысықтың үйір болған батальонының жауынгерлері де ерлікпен шайқасты.

Мысықтың қайдан тап болғанын ешкім білмеді. Бір күні түнде батальон командирі пырылдаған бір дыбысты естіп, фонарын жақса, екі аяғының арасында жуан бір шұбар мысықтың жайымен пырылдап ұйқтап жатқанын көреді.

Мысықты олар Рыжик деп атайды. Батальон штабындағылар оны мейлінше жақсы көреді. Рыжик үйшіктеріне барып немесе окоптарын кезіп жүргенде, солдаттардың өздері де қуанысып қалатын. Олар мұны еркінсітіп, еркелетіп, Рыжик еркелеп, олардың бәрінің де бергенін алушы еді. Ешқайсысын ол артық санамайтын.

Батальон командирі де, солдаттар да оған бәрібір, дос емес, тек қайырымды таныс адамдар ғана боп табылатын. Мұны айтуға, өзге мысықтар сияқты, онда да тіл жоқ. Бірақ, кім шақырса, ол соған баратын. Қазір біреудің қолында болса, енді бір сәтте басқаның қолына көшкенін көресің.

Алайда, Рыжик тек біздің солдаттармен ғана дос болып қойған жоқ. Кей кездерде ол тышқан аңдып, немістер тұрған цехқа да кетіп қалып, екі-үш күн, ал кейде тіпті бір жеті бойы сонда болатын. Сонан соң қайтып келіп, біздің батальон тұрған цехтан тышқан аулап, солдаттарға еркелеп, олардың бергенін алып жеп жүре беретін.

Сөйтіп, Рыжик екі цехтың арасында сайрандап жүрді. Шамасы, неміс солдаттары да Рыжикті жақсы көріп, барынша сыйлайтын болу керек.

Біздің батальонның политрукі бір жас коммунист-лейтенант еді. Ол шеттілдері институтында неміс тілін оқып жүріп, институтты бітірместен, өзі тіленіп, майданға аттанған. Рыжиктің немістерде жиі болатынын білген соң, политрук бір күні батальон командиріне:

— Жолдас капитан, Рыжикті, оның тышқаншылдығын біздің пайдалануымызға болмас па екен? — деді.

Капитан бұған түсінбеді.

— Пайдаланғаны қалай? Ол не түсінеді?

— Ол-оңай пайдалануға болады, — деп күлді политрук, Рыжик немістерге жиі барады. Оған листовкаларды байлап жібереміз.

— Неміс бар! Байқап көріңіз! Ал, сонда, сіз листовканы мысыққа қалай байлайсыз?

— Оны ойланып көремін, — деді политрук.

Айтқандай-ақ, ойлап тапты.

Әуелі ол, кәдімгі машинкаға басылған листовканы Рыжиктің мойнына байлап көріп еді. Бірақ, Рыжик ит емес қой, қарғыға мойынсұнбады. Оның үстіне, қағаз судырлап, оның ызасын келтірді. Рыжик жерге жата қалып, бұрын көрмеген жүктен құтылмақ болып, тырнағымен мойнындағы листовканы тырмалап, ақыры жұлып тастады. Сонан соң политрук басқа бірдеңе ойлап тапты. Ол бір кесек ақ шүберек алды да, сонымен Рыжиктің мойнынан бант қылып шалып байлады. Кішкентай жұмсақ матаға мысықтың ештенесі кеткен жоқ, ол бұған үйреніп кетті.

Мінекей, енді политрук мысықтың жүріс-тұрысын

андуға айналды. Бір күні Рыжик жер үйден шығып, арғы майдандағы өзінің достарына бармақ болды. Соны сезген политрук оны ұстап алып, есікті жауып қойды, сонан соң ақ шүберектің бір жеріне немісше үндеу жазып, оны Рыжиктің мойнына байлап, есікті ашып жіберіп еді.

Мысық бір-ақ зытты!

Келесі күні батальон бақылаушысы командирге немістердің Рыжикті жолатпай қуғаны туралы мәлімдеді.

Бұған командир күліп:

— Сіздің ермегіңіз іске аспады, — деп политруктың қытығына тиді.

— Әзірше күлмеңіз, — деді политрук. — Рыжиктің не алып келері әлі белгісіз.

Рыжик қайтып келді. Солдаттар оны ұстап алып еді, мойнына байланған ақ шүберектің барын көрді. Оны сол сәтте командирге мәлімдеп еді. Ол бұрынғыдан бетер қатты күлді.

— Сіздің листовканыңды немістердің тіпті оқығысы да келмепті! — деді ол политрукке.

— Мүмкін емес! — деді политрук.

Сөйтіп, ол мысықтың мойнындағы шалмасын шешті. Сонда не шықты десендер?

Немістер біздікіне листовканы өздерінің оқығандығын, енді «Катюша» деген өлеңнің сөзін жазып, Рыжикпен жіберуді сұрапты.

— Ал, жаңа сіз не дедіңіз! — деп политрук көтеріліп қалды.

Командир политруктың неміс солдаттарының тілегін орындауына рұқсат берді.

— Мейлі, біздің өлеңдерді айтсын, — деді ол. — Оның бізге зияны жоқ. Бәрібір біз оларды цехтан қуып шығамыз.

Сөйтіп, келесі жолы Рыжиктің мойнына бір кесек ақ шүберек байланып, немістерге тағы жіберілді. Политрук шүберекке неміс әріптері мен «Катюшаның» сөзін жазды. Ал, екі-үш күннен кейін біздің солдаттар немістердің бұл әнді гармонға қосылып айтқанын естіді. Әрине, олар өлеңнің сөздерін мүл-



де бұзып айтты. Біздің окоптағылар оған шек-сіле-лері қатқанша күлді!

Әрине, мұның бәрі соғыстың барысына әсерін тигізген жоқ. Батальон бірнеше рет лап қойғанмен, бәрі нәтижесіз болды, немістер жанталаса ұрысты.

Политрук листовканың бірінен соң бірін Рыжик арқылы жауларға жіберіп, неміс солдаттарына майдандағы жағдайды, енді олардың қарсылық көрсетуінің нәтижесіз екендігін жазып жатты. Егерде, олар тізе бүгіп, босқа қан төгуді тоқтатпаса, Сталинград түбінде қоршауда қалғанның бәрін де совет әскерлері ертең-ақ көзін жоятынын айтты.

Сонымен үш аптадай уақыт өтті. Немістер кенет тым-тырыс болды, мысыққа байлап ештеңе жібермеді. Ақыры, сөйткенше болмай, Рыжик немістерден қайтып келді, мойнында байланған ақ шүберек бар.

Оны политрук шешіп алып, немістердің не жазғанын оқып шықты да, командирге мәлімдеді.

— Немістер, егерде біз тұтқынға берілетін болсақ, бізге не істер еді? — деп сұрайды. Фашист командирі оларды: большевиктер тізе бүккенін, тұтқынға түскеннің бәрін атып тастайды деп сендіргенін жазыпты, — деді.

— Не қылған ақмақтар, — деп күлді командир. — Оларға былай деп жазыңыз: біз қарулы солдаттармен ғана соғысамыз. Ал, қарусыз адамдарға тимейміз. Оларды да басқа елдердің тұтқындарымен бірдей ұстаймыз. Соғыс біткенге дейін олар лагерьлерде болып, жұмыс істейді. Ал, кейін үйлеріне қайтарылады.

Командир не айтса, политрук соның бәрін жазды, сонымен бірге, өз атынан да бірнеше ауыз сөз қосты. Ол немістерге іштерінен біреу-міреу тұтқынға берілсін, Советтік Россияның тұтқындарға қалай жақсы қарайтынына сонда көздерің жетеді деп кеңес берді.

Немістер өздерінің жауабында Сталинградтағы соғыстың тезірек біткенін, өйткені, өздерінің кереметтей ашығып, суыққа тоңып қалжырағандығын жазды. Сонан кейін олар өздерінің офицеріне сездірмей, бір елшіні орыстарға жіберіп, цехты қалай беру жайында Совет командирімен келіспеуші екендіктерін айтты.

Батальон командирі ойланып қалды. Өйткені, онай шаруа емес қой! Сондықтан, ол мұны жоғарғы командованиеге мәлімдеді. Дивизия штабынан елшіні қабылдау керек, бірақ та сөзсіз берілу керектігі талап етілсін, деген жауап келді. Сонымен бірге, бұл келіссөзге дивизия штабынан өкіл жіберілетінін айтыпты.

Екі күннен кейін Рыжик немістерге ең соңғы рет сапар шекті.

— Неге соңғы рет? — дейсіздер ғой.

Оның мәнісі былай болған еді. Неміс офицері өз солдаттары мен орыстардың арасында мысықтың әрі-бері қатынап жүргенін сан рет байқаған еді. Әуелгі кезде ол Рыжикке ешқандай мән бермеп еді. Өзі өте қатал адам болатын, хайуан атаулыны жек көретін. Тіпті, аламды да жек көруші еді. Неміс солдаттарының ішінен опасыз біреу табылады. Онысы бір фашист ефрейторы. Мынау сияқты, ол да қаталдығымен, қанқұмарлығымен даңқы шыққан біреу екен.

Ол солдаттардың барлық сөзін тындап жүріп, соның бәрін офицерге жеткізіпті. Ол, тіпті солдаттардың орыстарға жасырын елші жібергелі жатқандарына шейін естіген екен. Оны заматында-ақ офицерге айтыпты. Офицер әуелі ефрейторға сенбепті. Бірақ, дәл сол күні Рыжик немістерге жетіп келеді. Фашист-офицер оның мойнынан ағарған бірденені көреді де, мысықты ұстауға бұйырады. Ефрейтор Рыжикті шақырады. Мысық оның қасына келіп, етігіне сүйкеніп, пырылдап тұрады. Офицер оның мойнындағы листовканы шешіп алып, политруктың жазғандарын түгел оқып шығады. Сонан соң пистолетін суырып алып, Рыжикті басып салады.

Біздің батальонның командирі мен политрук екеуі бақылау постында тұрып осының бәрін өз көздерімен көрді. Өйткені, олар сол күні Рыжиктен көз жазбады.

Фашист-офицер мысықты өлтіріп, цехтан лақтырып тастағанда, оның бұл айуандығын, шабуылға шықпай тұрып, батальон командирі өз солдаттарына айтқан.

Солдаттар оқптарынан шыға сала уралап лап қойды. Күтпеген жерден, қауырт шабуыл жасап еді. Немістер естерін жиып үлгергенше совет жауынгерлері цехқа басып кіріп, жауларды оңды-солды бытшыт қылды.

Оның үстіне, немістер де жөнді қарсылық еткен жоқ. Өйткені, біріншіден, олар өздері берілуге дайын отыр еді. Екіншіден, офицердің айуандық ісі олардың да зығырданын қайнатып еді.

Рыжиктің қаны қанішердің мойнында текке кетпеді. Батальон солдаттарының ең алдында болып, цехқа бұрын кірген политрук фашист-офицерді сеспей қатырды. Сатқын-ефрейтор да өлтірілді. Қалғандары түгел тұтқынға түсті.

Қазір олар Германияда, өз үйлерінде тұрады, мүмкін, Рыжикті олар да естеріне алып қоятын шығар...



Өнерге жал

ОЧЕРК

Алғашқы адым

Сережаның әкесі Николай Федорович алуан машинаның тілін біледі. Ол — тракторшы, ол — комбайншы, ол — шофер. Бала көңіл албырт қой. Ол осының бәріне қызығады. Әрнәрсені көрсем, білсем дейді. Кей кездерде әкесіне еріп, сонау Тоғызбұлақтағы, төмен Ағанастағы егіс далаларына да барып жүрді. Әредікте машинаның о жер, бұ жерін шұқылаймын деп бүлдіріп алатыны болмаса, әкесіне қолғабыс жасаудан тартынған емес. Әрине, оған жүктелетін міндет — «алып кел, шауып кел» ғана. Сережа болса бұған мығым. Екі етекте белге түріп алып, жүгіріп кетеді. Керекті саймандар мен бөлшектерді лезде тауып әкеледі.

Еңбек еткенді кім жек көрсін. Бара-бара бұл тілалғыш баланы механизаторлардың бәрі де «Біздің Сережа» деп атап кетті. Кейбір ұсақ-түйек жөндеу жұмыстарына да араластыра бастады. Өстіп жүріп бір жаз өтті. Рас, шілденің ыстығында күнге де күйді, жел қағып, тотықты. Жаңбырдың астында қалып, суға малшынған кездері де болды. Бірақ, Сережа мұның біріне мойымады. Қайта шыныға түсті, әрі комбайн жөнінде едәуір мағлұмат алды.

Әкесі оған бір күні:

— Сережа, сендерге, Коля екеуіңе, бір жұмыс тапсырсак, қалай қарайсындар, — деді. — Колхоздарда шөп машиналары жетіспейді, ал МТС-те ескірген, есеітен шығарылған ысырма, өздігінен жүретін шөп машиналары бар. Солардың бүтін, жарамды деген бөлшектерін іріктеп, жана шөп машинасын құрастыру керек.

Сережаның көктен тілегені жерден табылғандай болды. Қуанғанынан әкесін құшақтай алды. Жалма-жан жүгіріп отырып, серігі Коля Москаленкоға жетіп келді.

— Коля, сен екеуіміз жұмыс істейміз, машина жасаймыз! Машина... Өзіміз жасаймыз! — деп қуанышын жер-көкке сиғыза алмады.


Екі дос ертеңіне жұмысқа шықты. МТС бұларға арнаулы жетекші бөлді. Ауыл шаруашылығы машиналарының бас механигі комсомолец Виктор Петрович Шнюков оларды жұмыстың тәртібімен, шөп машинасының құрылысымен таныстырды. Іс жүйесін сөз етіп, қалай, не істеу керектігі жөнінде тапсырма берді.

«Жап-жас жігіт. Бас механик! Қандай тамаша!» Балалар өз жетекшісіне осылай сүйсіне жүріп, іс атқарды. Өздері де неғұрлым жақсы істерімен көрінуге тырысты. Шаршағандарын да білдіргісі келмей, ұзақты күнге жанталасып, тыным алмайды. Әрбір біткен іс көңілдеріне қуаныш нұрын құйып, оларды қанаттандыра түсті. Әне, кеше ғана аяқасты болып, шашылып жатқан бөлшектерден жарау аттай бір машина шыға келді! Міне, тағы да үш-төрт күн ішінде тағы бір шөп машинасы құралды. Бұлардың бәрі — алғашқы еңбек жемісі. Алғашқы адым.

Бірақ, Сережа өзінің өмір жолын әлі шешкен жоқ. Ертең кім боларын, қай мамандықтың тұтқасын ұстарын әлі білмейді. Таңдау, талғау — болашақтың ісі. Әзірге онда бір-ақ мақсат бар. Ол — техниканың тетігін білген үстіне біле беру, ізденіп, үйрене беру.

Лента ораушы

МТС клубында киноқондырғы бар. Үй арасы жақын. Сережа мен Коля үнемі сонда барып кино көріп жүреді. Бір күні Сережаға «осы киноны қалай көрсетеді екен ә?» деген ой келді. Киномеханик Леонид Фадеевко деген жігіт болатын. Сережа оның киномеханик екенін білгені болмаса, танымайтын. Сондықтан, киномеханиктің кабинасына бірден кіріп баруға батымы бармай, тайғақтады. Алғашында есіктен жылтындап, сығалап қойып бірнеше күн айналақтап жүрді. Мұндай әдет балалардың бәріне де тән емес пе. Киномеханик жігіт бұған онша ұрса



Кинемеханиктер үйірмесінің мүшелері Сережа Чирков пен Люба Мазохина.

қойған жоқ. Сerezжаны бұл жай одан сайын еркінсіте түсті. Басқа балалар есіктен басты бір сұғып қалып, өз жөніне кетіп отырса, Сerezжа кинокартинаның маңынан кетпейді. Есіктің алдына келіп, босағадан басын қылттып, қарап-ақ тұрғаны. Кинемеханик жігіт әлде бір темір жәшік ішінен дөңгелек табақшаларды бірінен соң бірін суырып алып, анау төрт бұрышты кішкентай тесіктің тұсында тұрған аппаратқа апарып, әлдебір жерін ашып, бұрып, бекітіп жатады. Енді бір мезгілде шұқылап жүріп, бір жерін басып қала ма, әйтеуір, аппарат сырылдап жүріп береді. Экран жақтан музыка да саңқылдап сөйлеп кетеді. Жанағы төрт бұрышты кішкентай тесіктен өтіп барып, экранға кино түседі екен. «Міне, қызық! Не деген керемет! Мен де осылай кинемеханик болсам» дегендей ойлар да келеді. Бала көңіл қандай тағатсыз.

Ақыры бір сәті келгенде:

— Лёня ағай, киноны қалай көрсетесіз, ә?— деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Кинемеханик жалт қарады. Баланың бас-аяғын ойлы көзбен шолып шықты да:

— Немене, білгің келе ме,— деп жылы ұшырай қарады.— Кел, бері кел!

Өз-өзінен қорғалап, үрейленіп жүрген Сerezжа мынадай жылы сөзді естігеннен кейін батылданып кетті. «Қандай жақсы кісі» деп ойлады ішінен. Ілгері адымдай түсті.

— Кел. Үйренгің келе ме? Атың кім? Мектепте оқисың ба? Пионерсің бе?— деп кинемеханик сұрақты үсті-үстіне жаудырды. Сerezжа да тартынған жоқ. Бәрін айтты. Кино қоюды үйренгісі келетінін де айтты.

Бұл август айы болатын. Содан былай Сerezжа кинемеханикке көмекші болды. Ең алдымен ол бабинаға кино лентасын орауды үйренді. «Пленка өзі де ораулы тұрады емес пе? Қайта орап жатудың не керегі бар?» Білмеген адам осылай ойлауға әбден мүмкіндігі бар. Ә, мұның сыры оп-оңай. Кино көрсетілгенде кино кадрлары бірін-бірі қуалап, экраннан өтеді. Сонда бір бабинадан шығып, айналып өтіп келіп жатқан пленка екінші бабинаға орала береді. Демек, экраннан алдымен өткен кадрлар пленка шырышығынын ең ішкі қабатында қалып қояды да, соңынан өтетін кадрлар беткі қабатында қалады. Бұл күйінде көрсете бастайтын болсаңыз, бәрі кинодағы адамдардың басы аяғына қарап қалады, әрі киноның аяқ жағы алдымен кетіп, алғашқы жағы соңында қалар еді. Сондықтан пленкаларды екінші бір бабинаға қайтадан орап шығу керек. Бұл — ептілікті, ұқыптылықты керек ететін күрделі жұмыс. Бабинаны моталкаға (пленка орайтын аспапқа) орнатқан соң, шплинтпен дұрыстап бекіту керек. Пленканы орағанда эмульсия жағы ішкі бетінде болсын. Әйтпесе, пленканың эмульсиясы кашады, тез құрғап, тез тозады деген сөз. Және пленканы белгілі бір қалыппен ораған жақсы. Әйтпесе, балалық жасап, моталканы тым қатты айналдырса пленка үзіліп кетуі мүмкін. Сerezжа он-он бес күн ішінде бұған да машықтана бастады. Ендігі жерде «Лёня ағай» оған киноаппараттың құрылымын, экранға кино көрсету тәсілдерін үйретті. Көп ұзамай, Сerezжа киноның кейбір бөлімдерін өзі көрсететіндей дәрежеге жетіп қалды.

Сол екі арада оқу жылы басталды. Енді уақыт аз, кино да өз жайына қала берді.

Мектеп кинемеханигі

Сerezжа МТС-тегі кинемеханик ұстазымен «келер жылғы каникулға дейін» деп қоштасып кеткен. Оқу өз бабымен жүре

ҚОМАҒАЙ ҚАСҚЫР

(Ел аузынан)

Таудан түсіп бір қасқыр,
Желе жортып келеді.
Жайылып жүрген сайда бір
Көк лақты көреді.

Көре сала жүгіріп,
Жетіп келді қасына,
Аш күзендей бүгіліп,
Сөйледі қасқыр ашына:

— Үш күн бойы нәр татпай,
Іздегенім сен едің.
Кәнеки енді жалтартпай,
Аузыма түс керегім.

Заресі ұшып лақ байғұс,
Қаға берді құлағын.
Қарсыласар жоқ қой күш,
Таппаса басқа лажын.

Жалбарынып лақ сонда,
Былай деді қасқырға:
— Жемеші мені, көкетай,
Анау қырда қозы тұр,
Қозының еті тәтті ғой,
Қасында жан жоқ, өзі тұр.

Қомағай қасқыр елеңдеп,
Жолға түсіп жөнелді,

— Жеймін,—деп,—сені,—екпіндеп,
Қозыға жетіп келеді.

Қозы айтты: — тақсыр, тоқтай тұр,
Мені жеп қарның тоймас та,
Анау сайда бұзау тұр,
Соны жесең болмас па?

Қомағай қасқыр желпілдеп,
Тағы да жортып жөнелді.
— Ал, енді сені жеймін! — деп,
Бұзауға жетіп келеді.

Бұзау айтты: — арықпын,
Сен тойғандай етім жоқ,
Шаялап өспей қалыппын,
Жастайымнан жетім боп.

Ана бір сайда құлын тұр,
Өзі семіз, еті көп,
Бөгелме маған, тез жүгір,
Тойсаңшы майға соны жеп.

Қомағай қасқыр елпілдеп,
Тағы да жортып жөнелді.
— Ал, енді сені жеймін! — деп,
Құлынға жетіп келеді.

Құлыншақ айтты қасқырға:
— Жеймін десең, мен дайын,
Әуелі, тақсыр, сөз тыңда,
Бар сырымды айтайын.

Артқы аяғым әуелден,
Майлы болып жаралған,
Бар қасиет денеме,
Тұяғымнан таралған.

Тұяғымда таңбам бар,
Әуелі соны көріп ал.
Құйрығымда көп май бар.
Шашпай-төкпей сорып ал.

Қомағай қасқыр құлынға:
— Көрсет,— деді,— тұяқты,
Шірене теуіп тұмсыққа,
Құлыншақ оны сұлатты.

Бір тепкенде құлыншақ,
Сеспей қатты қомағай.
Жатты қасқыр қорқырап,
Аузы-мұрны даладай.

Ж. Байжанова.

берді. Бір күні аяқ астынан бір жаңа хабар тарайды. «Мектебімізде жасөспірім киномеханиктер үйірмесі ашылады!» Мұны естігенде Сержаның қалай қуанғанын көрсеңіз. Ести сала қуанышы қойнына симай жүгірген бойда Коля досына келіп, ойнақтай секіріп:

— Коленька, бізде киномеханиктер үйірмесі ашылмақ. Қандай тамаша! — деп асыр салды. — Екеуміз де қатысамыз ғой, Коля?

— Рас па? Әрине, қатысамын, әйтпесе, сен «мен кино қоя білем» деп мақтанып жүрсің ғой. Мен қалам ба сенен, — деп Коля да көкейінде жүрген ойын айтып салды.


...Үйірме жетекшісі жас та болса, тынымсыз еңбеккерлігімен балалар құрметіне ие болып келе жатқан мұғалім — Мәкен Әуесбаев екен. Алғашқы күннен бастап-ақ үйірме сабағы тартымды болды. Жетекші жалаң түсіндірумен көп әуестенбей, бірден-ақ нақты істен бастады. Алғашқы сабақта балалар киноқондырғының құрылысымен танысты. Екінші сабақ кинопроектордың негізгі бөлімдеріне арналды. Сережа кинолентаны қалай орау, кинопроекторды қалай жүргізуді әжептеуір үйренген сияқты еді, бірақ, олардың аттарын жете білмейді екен. Сондықтан бұл үйірме оның білгендерін толықтыра түсіп, бұл өнерді іс жүзінде меңгеруіне көп көмекші болды.

Сережаларға мұнда киноаппарат еркін тиді. Бәрін өздері атқарады. Кино қояр алдында киномеханик не істеу керек? Электр тогін қосып, проектордың дыбысын байқайды, экранға түсіріп көріп, сурет айқын-анық көріне ме, оны тексереді. Көп ұзамай, Сережалар жетекшінің басшылығымен үйірме сабағында оқу фильмдерін көрсету дәрежесіне жетті. Мектептің сауық кешінде, химиктер, биологтер үйірмелерінің кештерінде бұлар «Табиғаттағы кремний», «Қан айналысы» және басқа оқу фильмдерін көрсетті. Сережа Чирков осылайша «мектеп киномеханигі» атанды. Басқа пәндердің мұғалімдері де оны қолы бос уақыттарында оқушыларға фильм көрсетіп беруге шақырды. Сережа мен Коля V класс оқушыларының география сабағында «Ока өзенінің бойымен», тарих сабағында «Ертедегі Греция ескерткіштері» және «Жүгері» деген оқу фильмдерін көрсетті.

Бұлардың бәрі — Сережа Чирков пен оның достарының өнер үйрену жолындағы алғашқы істері ғана. Жас талап әлі талай өнер биігіне шығатыны сөзсіз. Өйткені ол — еңбек сүйгіш, өнер сүйгіш бала.

С. Байжанов.

Шанышқы



КІРҚОЖАЛАҚОВҚА

Айсұлудың қарашы өрген бұрымын,
Кір жуытпай таза болып жүр інің.
Күндіз-түні шуылдасып хор айтқан
Қашан сенің кебер екен мұрының.



ТҮКБІЛМЕСОВКЕ

Тапсырманы сұраса сен бұғасың,
Тақта алдында төмен қарап тұрасың,
Ұят-ақ қой достарыңнан, ойлашы,
«Намыс» деген сөзді қашан ұғасың.



ӘЛИДІҢ КҮНДЕЛІГІ

«Күнделікпен» бәріміз де бірге өстік,
Кластарға табыспенен бір көштік.
Ал, Әлидің «Күнделігі» жылайды
Өмір бойы көрмедім деп бір «бестік»



ТҰРАП ПЕН СҰРАҚ

Қатал тиіп жұмбақ сыры Сұрақтың,
Халі нашар болып-ақ тұр Тұраптың.
Сыбырлар да шығып жатыр естілмей,
Антеннасы болар ма еді құлақтың.

ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНОВ



Қазақ совет поэзиясының алғашқы қарлығаштарының бірі Өтебай Тұрманжанов 1905 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында Жалғызарғаш деген жерде туған. Оның алғашқы өлеңдері 1923 жылдан бастап газет-журналдарда жариялана бастайды.

Ө. Тұрманжанов — өзінің көптеген шығармаларын балаларға арнаған жазушы. Оның кейбір шығармаларында революциядан бұрынғы кедей балаларының ауыр тұрмысы зор аянышпен суреттелсе, енді бірсыпыра шығармаларынан Совет өкіметі тұсында оқып білім алуға талпынған жана заманның жас ұландарын көреміз.

Өтебай балаларға арнап 1930 жылы «Қарлығаш», 1935 жылы «Құрыш құс», 1934 жылы «Қарл» деген өлеңмен жазылған кітаптар берді.

Ө. Тұрманжанов өз төл шығармаларын жазумен бірге, халық аузындағы сан алуан ертеке әңгімелерді («Қырық өтірік», «Алтын сақа») өңдеп, жинап, осы асыл қазыналардың жұртшылыққа кеңінен тарауына ат салысқан адам.

Ол қазір балаларға арнап «Ленин декреті», «Сәбилер сарайы» деген екі поэма және Түркістан комсомолын ұйымдастырған, қазақтың тұңғыш қоғам қайраткерлерінің бірі Ғани Мұратбаевтың өмірінен бір кітап жазып жүр.

Біз төменде Өтебайдың Ғани Мұратбаевтың өмірінен жазған очеркін жариялап отырмыз.

Бала Жаңы

(ОЧЕРК)

Ұзақ күн тынымсыз жұмыстан сілесі қатып, әбден шаршап келген әйел әлгіде ғана іс арасында өзі жататын жалғыз терезелі кішкене бөлмедегі қыңырайған темір төсектің үстіне қалай болса, солай ұйқтата салған бүлдіршіндей бұйра шаш жас баласының үстіне төніп, өткір де ойлы қара көзін алмай ұзақ отырды. Бейқам, бейбіт ұйықтап жатқан жалғыз баласының ұзын кірпігі жауып тұрған көзіне, әкесіне айнымай тартқан бет бітіміне мейрін төге қарап, жазық маңдайынан, қою да бұйра шашынан аналық жұмсақ қолымен құмарлана сипап-сипап қойып, тәтті ұйқысынан оятып жібермейін дегендей аса сақтықпен үлбіреген тамағынан жаңа піскен алманы іскегендей түшіркене іскеді. Баласын іскеп мауқын басқандай, әрі осы мезетте аз да болса есін жиып, бойы сергіп қалғандай сезінді. Ерте тұрып, әрі ұзын, әрі қою қара шашын тарауға мұршасы келмей, шағын ғана көнетоз ақ орамалының астына

ұйыстыра шүйкелей баса тарта салып, байдың ұшы-қиыры жоқ бітпейтін жұмысына қызу кірісіп кеткен әйел, енді ғана белін босатып, басындағы орамалын шешті. Бойын еркін салып, ыргатыла отырып, ыстық термен ұйысып, жабысып қалған шашын ірі тісті ағаш тарақпен тарап, жуан бір бұрым етіп көңілсіз өрді де, иығынан асырып тастай салды. Бір кездегі сұлу да, сымбатты да қызыл шырайлы жүзін ауыр қайғы дабы басыпты. Тіпті, бетіне мезгілсіз түскен қылдай жіңішке әжім іздерінің де нұқсаны білінгендей. Өз қалпын бір ретке салғандай болды да, орнынан тұрды.

Әлдеқашан жататын уақыт та болған еді. Баласын көтеріп дөңгелек аласа столдың үстіне салды да, төсегін жөндеп қағып, сілкіп қайта жайып, баласын ұқыптылықпен шешіндіріп орнына жатқызды. Күйбежектеп жүріп үй ішін жайғастырып, оны-мұнының орын-орнына қойды да, шешініп баласының

қасына барып қисайды. Баласын құшырлана құшақтап баурына басты... Өмірінің алды-артына көз салды, ой жүгіртті.

Жесір қатын, жетім бала. Жәрдемсіздік, дәрменсіздікті көрді. Алды бұлдыр... Жалғыз баланың әкесі тірі кезінде: «Маған байлық керек емес, басқа да керек емес, тек осы баламды оқытсам, адам қылсам, халық қатарына қоссам» дейтін еді. Байдың жұмысы қанша ауыр болса да, азабына көніп, елбектеп істей беруінің де түп себебі осы еді.

Күні-түні ел қарасын көрмей мал соңында жүріп өмір сүрді. Үйге келіп белін шешіп, дем алып рақат көрмей-ақ дүние салды.

Онда Фани төртте ғана еді. Міне, енді аман болса осы жазда сегізге шығады. Жұрт баласын сегізге оқуға береді екен. «Байға айтуға бата алмаймын. Әйелмін ғой. Айтсам, сөзімді ілтипатқа алса жақсы. Бірақ қайырып тастаса өлгенім ғой. Жоқ, не де болса бәйбішеге жүзімді салайын. Аяғына жығылайын, жығылайын, жылайын...» — деп ойға шомып жатып ұйқтап кеткенін сезбей де қалды.

Бұл 1911 жылы еді. Жас ана бүгін орнынан тым ерте тұрды. Жұмысқа ерте кірісті. Асханадан самауырды алып шығып, есік алдына қойды да, кешегіден қалған бірлі-жарым ыдыс-аяқтарды жуды, сүртті. Терезелерді де ашып, таза орамалмен тағы бір рет сүртіп алды. Тысқа шығып аула ішін сыпырды. Тыста жатқан анау-мынау заттардың бәрін орын-орнына қойды. Сөйткенше үлкен самауыр да терши бусанып, бүрқылдап қайнап шықты. Үй қожалары орындарынан тұрып, жуынып, шайынып, жеңіл киініп ертеңгі ас әзірленген асханасына келіп кірді. Шайын ішіп бай магазиніне кетті. Балалары тамақтарын ішіп мектептеріне кетті. Ең соңынан нән самауыр шайды жалғыз өзі ішетін байдың жуан бәйбішесі соңғы кесесін ішіп болып қызметші әйеліне:

— Шайың тіпті тәтті екен, сүйсіне көп іштім, рақмет,— деп орнынан тұруға ыңғайланды. Айтатын жерім осы болар деп қызметші әйел бәйбішенің қасына жақынырақ келіп иіліп:

— Сүйікті ханым! Рұқсат етсеңіз, сізге айтайын деп жүрген бір өтінішім бар,— деп жүзін салды, даусы дірілдей шықты.

— Айт, рұқсат етем, айта ғой,— деді бәйбіше.

— Бәйбіше, өмір жасыңыз ұзақ болсын! Балаларыңыздың игілігін көріңіз! Менің сізден өтінішім: осы жазға менің жалғызым — Фани жаным сегізге толады. Әкесі марқұмның өлер алдында айтқан жалғыз тілегі: «Байға айтып көмек сұрап, балаңды оқыт,

адам қыл!» — деп еді. Балам оқимын деп талпынады. Байға айтуға әйелмін ғой, батылым жетпейді. Әйел мен әйелдің жаны жақын ғой деп сізге айтуды орынды көрдім. Байға айтып, мен үшін, құдай үшін осы баламның мектепке кіруіне көмек етіңіз. Өлгенімше адал қызметімді аямайын... Менің сіздерден басқа көмекшім бар ма?.. Жесір қатын, жетім бала,— деп мұңайды. Ханым орнынан тұрып жатып:

— Білемін, бәрін де білемін, қамықпа. Қызметті жақсы істейтініңді де білемін. Байға айтайын. Балаң мектепке кіреді, кіргіземіз. Балаң — болатын бала. Пысық, зерек. Кісінің ойындағысын тауып тұрады...

— Бәйбіше, жылы сөзіңізге рақмет! Ханым жаным, рақмет! — деп жас ана көңлі босап, жылап та жіберді.

Анасы жүгіріп келіп есік ашқанда, Фани анау бір мектепке бара жатқан бір топ балаға қызыға қарап, көзімен шығарып салып тұр еді. Кіріп келген анасы баласын құшақтай көтеріп:

— Күнім менің, Фаниім менің, бәйбіше сені мектепке биыл кіргізуге уәде берді. Байға айтамын, көндіремін, өз баламыздай етіп мектепке кіргіз деймін деді. Бәйбіше айтқанын орындайды. Бай да бәйбішесінің айтқанын екі етпейді.

Фани 1911 жылдың салқын бір күзінде тап-тұйнақтай болып тәмпиып, сумкасын мойнына асынып мектепке кетіп бара жатты. Баласын тұңғыш рет мектепке шығарып салып ұзақтан бір үміт сәулесі жылтырағандай болып анасы артынан ұзақ қарап тұрды.

* * *

Ғасырдың жарқыраған жаңа қақпасын айқара ашқан атақты палуан — 1917 жылды Фани өзіне бір орайлы кезде, қалалық мектепті бітіру үстінде қарсы алды. Қуанышқа қуаныш қосылды. Тарих дүбіріне сақ құлағын сала қойды. Бала бүркіттей барлап ұзаққа қарады. Күн айды, жыл ғасырды аттады. Қашаннан жинала-жинала суы кернеп тұрған өмір дариясы тасқындап, бұзып-жарып, ағыл-тегіл аға жөнелді. Сағат сайын жаңалық, күн сайын өзгеріс болып отырды. Барлық халық — езілген ел елеңдеп үміт көзін ілгері қадады...

Осы батыр күндердің бірінде Фани мектеп тәрбиешісінің алдында отырды. Мектеп тәрбиешісі Фаниға ашулы көзбен, қатулы жүзбен қадала қарап:

— Сіз қашаннан қаймағы бұзылмай келе жатқан мектеп тәрбиесіне нұқсан келтірдіңіз. Балаларға патша ағзамның суретінің неге керегі бар? Қабырғадан жұлып таста-



Ғани Мұратбаев.

йық та депсіз, онымен тұрмай «Патшаны құдай сақтай гөр» деп 300 жыл бойына айтқан өлеңді айтпай-ақ қойсақ қайтеді деп тағы үгіттеңіз. Бұл қандай бұзылғандық? Сені біз мектептен шығарамыз. Ісіңді полицияға тапсырамыз,— деп ызбарланды... Ғани не қылсаң о ғыл, маған десең тіреп тұрған аспаныңды тастап жібер деген кісіше, жауап бермей қайсарланып шығып кетті.

Әңгіме былай болған еді: патша тағынан құлады деген хабар дүңк ете қалғанда, қуанбаған халық бар дейсіз бе?! Халықпен бірге халық арасынан шыққан оқушылар да қуанған. Патша тағынан түскен соң аз-аздап болса да сан ғасырлар өмір сүрген ескі жексұрын тәртіп өзгере бастады. Аз да болса жұрт үстінен ауырлық түскендей жеңілдірек сезініп сілкіне бастаған.

Оқушы жастар арасында да бұлан-талан әңгімелер болып жатты. Әсіресе, халық арасынан шыққан оқушылар патшаның құлағанына ішінен қатты сүйінді. Осы сүйініште-

рін кейде ашықтан-ашық айтып жүрді. Біреу патша жақ боп, біреулер патшаның құлағанын жақтап, қым-қиғаш айтысатынды да шығарды. Бір күні мектепке ертерек келген Ғани патшаның суретін меңзеп:

— Осы патшаны халық құлатқанда біз неге құлатпаймыз,— деді қасындағы жолдастарына.

Кейбіреулері:

— Құлатсақ, несі бар, құлатайық, жұлып алып тастайық, осы тұрғаны да жетер, ел үстіне масыл болып,— деп күлісті. Енді біреулер:

— Онда не жұмыстарың бар, бастықтар өздері білсін, біз оқуымызды білейік,— десті. Ғани мұнымен тұрмай, бір күні:

— «Патшаны құдай сақтай гөр» деген өлеңді біз несіне айтамыз. Құдайдан халық күшті боп шықты ғой. Патшаны тағынан жұлды да тастады,— деген болатын балаларға. Бұл шынында, өмірдің бет алысын тез аңғарған оның шын ойы еді. Балаларға төте, дәл айтудан қаймығып, жеңіл, әзілдей айта-тын еді. Мұны біреу жағымпаздық етіп мектеп тәрбиешісіне жеткізіпті. Бірақ, ол қаниа қорқытса да, аяғы жіңішкеріп барып, қой болдыға айналып тынды...

Бостандық желі ескектеп есе берді... Езілген халықтардың тозығы жеткен ескілікке қарсы ыза-кегі, ашуы ұлы дауылға айналды. Бір күні шірік негізге орнатылған уақытша Үкіметтің күлдіреуіші де күрс етіп қирап түсті. Октябрь батыр жеңіп шықты. Ғанилар масайрап көшеге шықты. Кей жерлерде байлардың үйлерінің терезесін тас боран етіп қиратып та кетіп жүрді...

Ғани болыстық кеңеске хатшы болып қызметке кірді. Бірінші рет: — Мынау менің айлық еңбек ақым,— деп шешесіне бір уыс ақша әкеліп бергенде, шешесі сасқанынан:

— Ойбай-ау, біздің Ғани да адам болып ақша табатын болыпты,— деп қуанышы қойнына симай, үйме-үй жүгіріп жүріп сүйінші сұрады... Ғани жымиып күліп:

— Апа, мұнан да көп ақша әкелгенімде қайтер ең? — деді.

— Той қылар едім. Балам адам болды. Халыққа қызмет істеуге жарады деп бүкіл жұртқа жариялар едім,— деді құлшына сөйлеп. Шынында да бұл ананың шын қуанышы еді.

1918 жылдың жазында Ғани Ташкентке келді. Жастар ісіне қызу араласып кетті. Әсіресе, ағарту ісіне ерінбей еңбек сіңірді. Көшелерде жүрген қорғансыз балаларды жинап, интернат ұйымдастыруға белсене қатнасты. «Халыққа қызмет істеу үшін ескілік-

тің сарқыншағын тез жою үшін оқымай, ел жастарын оқытпай болмайды»,— деген ойға тоқтап, өзі де білімін толықтырып, университетке түсу үшін Ташкенттің Финкельштейн атындағы мемлекеттік орта мектебіне түсті.

Бұл мектепті бір жағынан қызмет істей жүріп, әрі сабақ оқыта жүріп, 1921 жылы бітірді. Бірақ университетке түспей әлеуметтік қызметке араласты да кетті. Түркстан коммунистік жастар одағының бас секретары болып көп игілікті жұмыстар істеді. Сондықтан, сол кездегі Түркстан республикасына қарайтын өзбек, тәжік, түрікпен, қырғыз,

қарақалмақ жастары осы күнге дейін Фанидың атын аса құрметпен атайды. Кейін Фани Москваға қызметке шақырылды. КИМ-нің шығыс бөлімінің бастығы болып қызмет істеп жүрген кезінде ауыр науқастан мезгілсіз қайтыс болды. Бірақ әрісі бүкіл Күншығыс жастарына, берісі бүкіл Одақ жастарына еңбегі ардақты болған Фани жастардың жүрегінен ешуақытта шықпайды. Фанидың еңбекші халыққа жан-тәнімен беріліп істеген ісі, іскерлігі жас ұрпаққа әруақытта үлгі болады.

Өтебай Тұрманжанов.

ШАЛДУАР БАЛА

ӘНГІМЕ

Үйде алты жасар Көкен мен оның кішкентай қарындасынан басқа ешкім жоқ еді. Бір кезде Көкен қыстырулы тұрған маскақасқырды басына киіп алып:

— Жеймін құлағынды,— деді қарындасына еңкейіп, басын ары-бері қисайтып.

— Апа-а! — деп кішкентай қыз жылап жіберді.

— Бағынасың ба? — деді Көкен тағы да басын бұлғаңдатып. Көзі жылтырап аумаған қасқыр.— Көтер қолыңды!

Енді ол масканы алып, артына тыға қойып, қарындасына қарап күліп жіберді. Кішкентай Мәрияш қалшылдап тұрып қалған екен.

— Қазір апам келгенде айтам сені.

— Мені ме? — деп Көкен қораздана түсті.

— Иә, сені.

— Әйтпесе, қасқырымды киіп алам,— деді ол маңғаздана.

— Мен қорқамын одан.

— Қорқатын болсаң, бағындым деп көтер қолыңды.

— Бағынбаймын! — деп қасарысты Мәрияш.

— Ү-үй! Жеймін! — деп Көкен масканы киіп алып, тағы да қарындасына төне түсті.

— Кет! Кет! — деп ол Көкенді тұмсықтан итеріп қалып, есікке қарай жүгірді.— Апа-а!

Оның алдынан анасы шыға келді.

— О не, жаным? — деді ол төрт жасар қызын көтеріп алып жатып.

— Көкен! Көкен! Қасқыр! Қасқыр!

Бұл кезде Көкен шифоньердің артына тығыла қалып еді.

— Оны ма, қазір соғамын,— деп анасы Мәрияшты жұбатып, көзін сүртіп үйге кіргізді. Анасы стол үстіне заттарын қойып жатқанда Көкен тысқа жүгіре шықты.

— Көкен, қайда барасың? Андағы масканы қайда апарасың? — деді анасы аулаға шыққан ұлына терезеден.

— Қазір, апа,— деп ол артына бір қарады да, байлауды тұрған көк күшіктің жанына келді.— Алыпсоқ, мә!

Алыпсоқ құйрығын бұлғаңдатып, оған еркелеп тұр.

— Жанағы қорқытқаныңды апама айттым. Сені соғады! — деді кішкентай Мәрияш терезеден қарап, аузын томпайтып.

— Пшту! — деп, Көкен оған қолын бір сілтеп қойды.

— Көкен-ау, жүр үйге,— деді, анасы терезеден.

— Қазір барам. Апа, қарап тұрыңызшы. Мен Алыпсоқты бағындырамын,— деп теңтек бала басына масканы киіп ала салып күшікке еңкейді де,— Алыпсоқ, жеймін сені! Әйтпесе, көтер қолыңды! — деді басын қисалдатып.

Маска киген Көкеннен қорқып қалған күшік арс етіп оның балағынан ала түсті.

— Апа-а! — деген Көкеннің даусы қатты шықты.

М. Етекбаев.



Біздің теледидар



БУЫНСЫЗ БИШІЛЕР

Балалар, сендер ғой радио арқылы «Есірткен ерке», «Алтын сақа», «Кім менің әкем?», «Қозы көрпеш — Баян сұлу» пьесаларын, «Абай», «Біржан — Сара», «Қыз Жібек», «Ертарғын» операларын үйде отырып-ақ тыңдап жүрсіндер. Пьесаның сөзбен, операның әнмен орындалатынын білесіндер. Ал, енді «Қамбар мен Назым», «Аққу көлі», «Бахшасарай фонтаны», «Шурале» сияқты балеттік шығармаларды тыңдадыңдар ма? Әрине, тыңдаған жоқсындар. Өйткені, балеттік шығарманың оқиғасы сөзбен де, әнмен де емес, адамдардың қимылы — биі арқылы түсінуге болады.

Ал, енді кейінгі уақытта балетті де үйде отырып көре бастадық. Ол үшін бүгін бәріміз де теледидардың алдына келейік. Теледидар экранында дүние жүзіне әйгілі Чайковскийдің «Аққу көлі» балетінің II актісі жүріп жатыр.

Қою түн. Аспанда күлеген жұлдыздар жым-жымың етеді. Көл жағасы. Айдын көлде сыланған аққулар отыр. Көлдің бір жақ қабағында зұлым карияның ескірген кішкентай шіркеуі тұр. Екінші жақтан мылтық асынған аңшылар шығады. Олар су бетіндегі құстарды көрісімен, қатты қуанады. Көңілді би билейді. Бірақ бұқпантайлап келген принц аққуларға мылтығын кезеп береді де, көз алдындағы ғажап іске таңданып аңырып тұрып қалады. Жайбарақат жүзіп келген көл еркелері аққу, бұл кезде толықсыған қыз бейнесіне айналған еді.

Сұлу арулардың ең алдында Одетта жүр. Барлығының қимылы баяу, енжырғасы түскен. Жүздері қаяу тартқан,

камығулы. Таң-тамаша қайран қалып тұрған принцке Одетта жабырқау көңілмен жасқана басып жақындайды. Өзінің және достарының басына кездескен қатал тағдырды баян етіп, мұңын шағады: Шіркеу иесі жауыз қария оларды сиқырлаған еді. Сондықтан да олар күндіз аққу болып ұшып, түнде ғана адам бейнесіне келеді екен.

Сонымен бірге, Одетта бұл жауыздың өткір тырнағынан құтылудың жолын да баяндайды. Кімде-кім Одеттаны мәңгілік досым деп жарияласа, ол үшін қандай қиындықтардан жүрегі шайлықпай, қарсы тұруға бел байлай алса ғана, Одетта және оның достары сиқырлы бұғаудан босанбақшы.

Міне, ондай адам табылады. Принц Одеттаны және оның достарын бақытты



«Бес қыз» биінен бір көрініс.



Ли-ен-чун «Мақтаншақ күйеу» биін билеп жүр.

өмірге қайта әкелуге серт береді. Оның қимылында зұлым қария қалай арбаса да, қалай алдаса да сертімді бұзбаймын деген сенімді батыл жігер бар.

Осы уақытта шығыс жақтан арайлаған таң шапағы білінеді. Әлгіндей болмай, көл жағасы ақтандақ таң нұрына бөленіп, сұлу арулар соңғы рет тәжім етіп қоштасады. Көл ортасына қарай ұзай бере қайтадан аққу бейнесіне келіп, көзден ғайып болады.

Қандай ғажап. Өзінді теледидар алдында емес, сол «аққу көлінің» жағасында отырғандай, сол көлдің бұйра толқынының үстімен ескен самалмен тыныстағандай сезінесің. Мың бұратылып, бақайларының ұшымен ғана майыса дөңгелеген бишілерді шын аққудың өзі ме дерсің. Нәзік білектерінен сүйріктей саусақтарының басына дейін жиырыла толқыған қолдарын шын аққудың қанаты ма дерсің. Зұлымдықтың шытырман торына іліккен осы арулардың мұны, оны сүйемелдеуші музыка үні көрушінің жанына да мұң әкеліп, жүрегін жаралағандай болады. Тек, жас принцтің жігерлі сертінен кейін ғана серпіліп, адалдықты, достықты құптай түскің келеді.

Міне, осы секілді көрушінің жанын рахатқа бөлеп, оған тамаша әсер етуші, әр қимылымен айтпақшы ойын анық жеткізе білетін шебер бишілер қайда тәрбиеленген? Енді соған келейік.

Ол үшін теледидар экранына Алматы хореографиялық училищесінің залын түсірейік.

Әне, кіп-кішкентай балалар шыр көбелек айналып, жаттығу үстінде жүр. Дәл бір ойыншық зырылдауық секілді. Енді бір сәт су бетіне тесіле қарап, шабақ аулаған шағалаға ұқсап қалқиды. Олардың әр қимылына зер салып, мұқият қадағалап, хореографиялық училищенің тәжірибелі оқытушыларының бірі Қазақстанның халық артисі А. В. Селезнев жүр.

Мұндағы оқушылар 1-кластан бастап 9-класқа дейін сан қилы жаттығулардан өтіп барып, дүние жүзіне атышулы классикалық балеттерді орындау дәрежесіне дейін жетеді. Әлгі «Аққу көліндегі» буынсыз бишілеріміз де, міне, балалар, өздеріндегі кішкентай уақыттарынан бастап училище залында ысылып шыққандар.

Училище оқушылары балеттік шығармаларда ойнауға жаттығып, төселумен бірге, халық билерін де қандай тамаша орындайды. Қазақтың әдемі ұлттық киімін киіп, өз нақышына келтіре майыса билеген «Қыздар-ай», «Балбырауын» билері көрушіге үлкен әсер қалдырады.

Жақында ғана Москва қаласында өткен хореографиялық училищелердің Бүкілодақтық бакылау өнерінде VI — VII класс оқушылары Р. Есламғалиева, Б. Ғилажова, Р. Дәулетжарова, Р. Әліпбаевалар орындаған «Бес қыз» биі өзінің ұлттық ерекшелігімен көрушілерді қайран қалдырып, жоғары бағаға ие болды.

Бұдан бірнеше жыл бұрын Орал қаласындағы балалар үйінен келген Малбеков, Даиров, Досеменов, Әміржановтар қазір училищенің алдыңғы қатарлы бишілері болып саналады.

Училищеде тек қана Қазақстан қалаларынан ғана емес, тіпті шетелдерден келген балалар да оқиды. 1954 жылы училищеге қабылданған Ли-ен-чун, Тен-ми-ок, Хан-сун-хи, Бя-ен-хи тағы сол сияқтылар Корея Халық-демократиялық Республикасынан келген балалар. Олар өз еліндегі балет театрының болашақ солистері. Бұл оқушылар 10-

мектепте оқып, орысша, қазақша сөйлеуге үйреніп жүр. Қазір би өнеріне де шеберленіп қалды.

Бүкілодақтық бақылауда 12 жасар Ли-ен-чун орындаған «Мақтаншақ күйеу» деген корей халық биі Москва жұртшылығын таң қалдырған болатын.

Міне, балалар, халық айтатын «нағыз буыны жоқ бишілер» осылайша, өздеріндей кішкентай күнінен бастап жаттығып, би өнерімен республиканың театр сахналарына шығады.

С. Жүнісов.

Үлкен іске

УАСС

Мен осы бір кіп-кішкентай еңбеккер баланы екі рет кездестірдім.

Бірінші рет жолығуым былай болды. Өткен жылғы июнь айы еді.

«Алғабас» колхозының тау бауырына қойындаса жатқан егістік даласы. Сонау көз ұшында көрінген алып комбайнның сонына ілесе отырып, бір кідірісте қасына тоқтадық. Мығым денелі комбайншы май-май шымыр қолын ұсынып, аты-жөнін айтып таныстырды. Оның артында тұрған кішкентай бала да ұялыңқырап келіп қолын ұсынды.

— Құрманбеков Мұқан. Комбайншының жәрдемшісімін.

Алғашқыда бұл бала егістікті қызықтап, комбайншыға жай еріп жүрген болар деп ойлап ем. Қате түсініппін. Ол басқалардың айтуына қарағанда, нағыз еңбекқұмар, тиянақты механизатордың бірі екен.

Мұқан 6-класс оқушысы көрінеді. Оның егістік даласында жүруі еріккеннің ермегінен тумағаны айқындалды. Ол өткен жазда

300-ден астам еңбеккүн тауып, 2 тонна астық, 2 мың сом ақша алды.

Екінші рет Мұқанмен аудан орталығында өткен механизаторлар слетінде кездестім. Талай жылдан бері еңбек етіп келе жатқан сақа тракторшы, комбайншылардың арасында тымпиған Мұқанға көңіл аудармаған адам болмады. Оны трибунаға да шақырды.

Мұқан трибунада тұрып:

— Жолдастар, мен 6-класс оқушысымын, комбайншыға жәрдемші болып істегеніме 3 жыл болды. Өткен жылы біз комбайнмен 300 гектар орнына 670 гектар орып, 4350 центнер бидай бердік. Биыл, 1958 жылы, жеке комбайн алмақшымын. Мен биылғы Қазақстан миллиардына үлес қосамын! — дегенде, залда отырғандар ду қол шапалақтады.

Ия, еліміздің еңбектеген жасынан еңкейген кәрісіне дейін білек түріп іске жұмылғанда, миллиард деген сөздің тағы да шындыққа айналатынына дау жоқ.

Ә. Әубәкіров.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы.

ЕРЛІК сапар

(Шоқан Уәлихановтың Қашғарияға саяхат жасағанына жүз жыл толды).


Бұдан жүз жыл бұрын, 1858 жылы июнь айының шуақ бір күні Семейдің халқы Қашғарға аттанған сауда керуеніне тамашалап қарап тұрды. Керуен тамашалауға тұрарлықтай да еді. Қоқан мен Бұхардың бай саудагерлеріне қарасты керуеннің 8 киіз үйі, жүк артқан 100 түйесі, 65 аты, қырық шақты қызметкері және 20 мың сом күміс ақшамен бағаланатын заттар бар еді. Саудагерлерге керуен басы Мұсабайдың туысы Әлімбай болып жалған атпен Шоқан Уәлиханов қосылды.

Шоқан саяхатқа шыққан Қашғария — терістікте Тянь-Шаньмен, түстікте Памир және Куэнь-Луньмен тұйықталған Қытайдың батыс бөлімі болып саналады. Жан-жағын тау қоршаған ойпаң алқапты түгелінен дерлік Такла-Макан шөлі алып жатады. Қашғарияның өзендері түгелдей Тарим өзенінің алқабына кіреді. Басын Куэнь-Луньның мәңгі қармен мұзынан алатын көптеген өзендер Таримға жетпей құмға сіңіп аяқталады. Қашғарияның халқы құмды шөлде кездесетін өзен бойын шоғырланған. Мұндай жерлерге орналасқан ірі 6 қалаға байланысты, Қашғария ертеде «алты шаһар елі» деп те аталатын.

Қашғария 1759 жылы Қытай империясының қол астына қарады. Бірақ, елдің бұрынғы билеушілері Қытайға тәуелділікке көңісі келмей жиі көтерілістер шығарып тұрды.

Қашғариядағы қанды оқиғаларды Россия өкімет орындары үнемі құлақ түріп, бақылап отырды. Көрсі елдегі шиеленіскен саяси оқиғаларды анықтап білу үшін орыс өкіметі астыртын адам жіберуге ұйғарды. Бұл жіберілген адам, осымен қатар, «алты шаһар елі» туралы толық мәлімет жинауға және Қашғарияға барып, хабар-ошарсыз кеткен неміс саяхатшысы Адольф Шлагинвейттің тағдырын анықтауға тиіс болды.

Орыс география қоғамының басшыларының бірі П. П. Семенов-Тянь-Шанский қоғам-



ның атынан Қашғария саяхатына Шоқан Уәлихановты ұсынды.

Шоқанның саяхатына дейін Қашғария Европаға мүлдем белгісіз еді.

Ол уақытта Қашғарияға ашық саяхат жасау мүмкін емес еді. Өйткені, Қытай өкіметі Қашғарияға Индия арқылы қол созған ағылшындардың тіміскілеуінен хауіптеніп, бұл елге келген европалықтың бірде-бірін тірі жібермейтін. Сондықтан, Шоқанға саудагерше киініп, Әлімбай деген жалған атпен сауда керуеніне қосылуға тура келді. (Әлімбай Қашғариядан 20 жылдай бұрын кішкентай бала кезінде кетіп, кейін қайтып оралмай Россияда тұрып қалған саудагер болатын.)

Шоқан қосылған керуен көші Семейден шыққаннан кейін үлкен қара жолмен Жоңғар Алатауының бөктеріндегі Алтын Емел бекетіне қарай беттеді. Көктемнің көк жасыл кілемі даланы еркін жауып, ашық күн нұры



жан-жаннарды рахат дүниесіне бөлеп тұрғандай. Түрлі түсті сарғалдақ, қызғалдақ, байшешектеп табиғат кілемін түрлендіре түссе, таң сәріден сайраған бозторғайдың тәтті әні саяхатшыларға қайырлы сапар тілегендей болады. Ұзақты күнге 30 километрдей жол жүрген керуен кешке қарай таудан сарқырап аққан бұлақтың жағасындағы заңім тереңдердің саясына түнемелікке орнайды. Маздап жанған оттың айналасында жырышының өленін ұйып тыңдаған, немесе әңгімеші ақсақалды алқалай отырған керуеншілердің көлеңкесі қараңдайды.

Август айының аяғында керуен Қашғардан келген саудагерлерге қосылып, Қытайдың шекарасына қарай жол тартты.

Тянь-Шаньның қар басқан белдерінен Қашғарға қарай асатын жол Зауқы шатқалын бойлап жүрді. Зауқы шатқалын Зауқы өзені және оның салалары Зауқышақ, Каскатаи және Дүңгіреме құрайды. Зауқыға Лүңгіреме саласы қосылған жерден бастап шатқал өте тарылып, екі жағы тіп-тік құзға айналады. Ана жерде де, мына жерде де ретсіз шашылып жатқан ірі тастар жолды бөгейді. Шатқал мың жарым метрлік тік беткеймен аяқталады. Беткейдің бойында кездесетін әртүрлі көлік малының қаңқалары жолаушыны еріксіз сескендіреді.

Мол жауған қар тік беткейге көтеріліп бұрынғыдан да қиындата түсті. Жүк артқан жылқылар мен түйелер жылтыр тастан тайып кетіп, терең құздан салдыр-гүлдір құлап жатты. Әркім өзінің жүк артылған көлігін аман алып шығуды ойлап жанталасты. Жылқының кісінегені, түйенің боздағаны көлік айдаушылардың айғайы, керуеншілердің күдайға, әулие атаулыға сиынған жалбары-

нышты даусы — осының бәрі қосылып, маңайдағы тауларды күңіретіп жіберді.

Тянь-Шаньның түстік беткейіндегі Теректі шатқалына керуеннің жүк артқан жүз түйесінен отыз алты-ақ түйе жетті. Бұл жерде ауа райы бірден өзгерді. Тау бөктеріне әлі қар түспепті. Әр жерден реңін жоғалтпаған бетеге мен шидің түптері көгереді. Төменде, жазықтықта қалың жапырақ жайған терек, тал, тораңғы ормандары көз тартады.

Шоқан, жолдың ауырлығына қарамастан, саяхат күнделігін үздіксіз жазып отырды. Оның кішкене қойын дәптерінен өткен жерлер туралы географиялық мәліметтермен қатар от басында керуеншілерден естіген аңыз, әңгіме, өлеңдерді, жолда кездескен оқиғаларды оқуға болар еді. Енді Қашғарға жақындағанда күнделікпен қоштасуға тура келді. Шоқан Қытай күзет орындарының тіптінен хауіптеніп, күнделігін таудың етегіндегі белгілі бір орынға көміп кетті.

Толып жатқан заңды және заңсыз салықтарды төлеп, бірнеше тексерулерден өткеннен кейін керуен Қашғар қаласына кірді.

Қашғар — «алты шаһар еліндегі» ірі қаланың бірі. Қашғарда ол уақытта 16 мыңға тарта үй болатын. Қала биіктігі 12-13 метрге жететін балшықтан соққан қорғанмен қоршалған. Қорғанның бұрыштарында қытай мәнерімен жасалған мұнаралар орнатылған. Қақпаға апаратын жолдың екі жағында 1857 жылғы көтеріліске қатынасқан қашғарлықтардың кесілген бастары ілінген қаз-қатар қырықтар тізілген.

Керуеншілер әкелген заттарын дүкендерге бөліп орналастырып, келе салысымен қызу саудаға кірісті. Олардың арасында көп жерді көрген тәжрибелі саудагер Әлімбаи (Шоқан) жүрді. Қашғардан Әлімбаидың көптеген туыстары табылды. Олар 20 жылдан артық уақыт көрмеген ағайынын кезекпен қонаққа шақырып, үлкен құрмет көрсетті.

Уәлиханов Қашғарияның тарихымен шұғылданды. Қаладан табылған түрлі кітап-

тар мен қолжазбалар «алты шаһар елі» былай тұрсын, көптеген шығыс елдерінің өткен дәуірін әйгіледі.

Шоқан сауда сылтауымен «алты шаһар елінің» алыс түкпірлеріне де саяхат жасады.

Октябрь айында саяхатшы Қашғарияның ең ірі қаласы Жаркентке аттанды.

Саяхатшы бұл сапарынан өсімдіктер мен тау жыныстарының бірқатар коллекциясын жинап қайтты.

Уәлиханов Жаркентке сапарында да, Қашғардың өзінде тұрған кезінде де шет елден келген сұңғақ бойлы, ұзын сары шашты жат адамның өлімі туралы әңгімелерге құлақ түре отырды. 1857 жылғы көтеріліске қатынасшылардың әңгімелерінен саяхат пен Адольф Шлагинвейттің тағдыры анықталды. Неміс саяхатшысы Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан болып шықты. Оның басы Қызылсу өзенінің бойындағы адам басынан үйілген пирамиданы биіктетуге кеткен...

Уәлиханов Қашғарияға келгелі 5 ай толды. Қыс өтіп, 1859 жылдың көктемі туды.

Алып келген заттарын түгелдей сатып, көліктерін тынықтырып алған саудагерлер асығыс түрде жол қамына кірісті. Қайту сапарына асықтырған себеп те бар еді. Қашғарда сауда керуенімен бірге орыс офицері келіп, қала маңындағы бір қыстақта тығы-

лып жатыр екен деген лақап тарады. Хабарды тексеруге Қоқаннан айырықша өкіл келді. Ол керуеннің жұмыскерлерін түгел тексеріп шығып, ешқандай орыс офицерін таба алмай, кейін қайтып кетті. Мұндай хабар Қытайдың жоғарғы әкімшілік орындарына жетсе, іс қиынға айналар еді.

Керуен Қашғарияның шегінен шығып кеткенде ғана жергілікті өкімет орындары Әлімбай деген жалған атпен кім жасырынып жүргендігі туралы анық хабар алды. Жіберген қуғыншылар керуенге жете алмай, қайтып оралды.

1859 жылы апрельде Шоқан Верныйға (қазіргі Алматы) келіп, он жарым айға созылған хауіпті саяхатын аяқтады.

Қашғар саяхаты Шоқанның есімін әлемге әйгіледі. Оның географиялық қоғам бастырып шығарған «Алты шаһардың немесе Кіші Бұхараның шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» деген еңбегі өлкенің географиясы, тарихы және шаруашылығы туралы толық түсінік берді. Орыс география ғылымын негіздеушілердің бірі П. П. Семенов-Тян-Шанский Шоқанның Қашғар саяхатын «Тамаша географиялық ерлік» деп бағалады.

Ә. Бірмағамбетов.

География ғылымының кандидаты.

ТЕХНИКА СЫРЫ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕЙМІЗ

2. «Сиқырлы» көзілдірік

Жексенбі күндерінің бірі еді. Жүздерінде әлденеге абыржушылықтың белгісі бар Қабыш пен Нығымет бөлмеге кіріп келді. Қолдарында «Пионер» журналының 6-саны.

«Бір де бір» деген әңгімедегі өздері туралы жазылғанды оқып келіп тұрғандарын біле тұрсам да:

— Жайшылық па, достар? — дедім әдейі ешнәрсені аңғармағансып.

Қабыш:

— Бұл дұрыс емес, — деді кенеттен, — біз сізге ол оқиғаны жай әңгімелеген едік. Сіз болсаңыз, оны көпке жария етіп қойдыңыз.

Нығымет те досын қоштай жөнелді:

Мәселе онда емес, — деді ол. Сіз жазған мақалада электротехника мен оптиканың әркім білетін жай қасиеттері ғана айтылған. Сөзге Қабыш тағы да араласты:

— Сиқырлы көзілдірік болса бір сәрі, — деді.

Қабыш мұны айтқанда, Нығымет ұнатпаған пішінмен досына жалт қарады да, қолына ұстап тұрған затын артына жасыра қойды.

— Бұларын не нәрсе? — дедім, байқап қалғандығымды білдіріп.

Қабыш қолындағысын енді амалсыздан стол үстіне қойды. Міне «сиқырлы көзілдірік» дегендері менің алдымда жатыр. Кәдімгі көзілдіріктерден ешбір айырмашылығы жоқ сияқты. Мырыш қаңылтырынан жасалған сақинаға мөлдір әйнек кигізіліпті. Желкеден байлауға арналған жібек бауы тағы бар. Мен байқаған жалғыз-ақ өзгешелік көзілдіріктің қолдан жасалуы. «Несі мұның сиқыр» деп күдіктенген оймен, көзілдірікті қолыма алдым.

Бұл не? Көзілдірікке қолым тигені сол-ақ еді, әйнек жазықтығынан көрінген заттар ке-

ЖАС ШОПАН

Комсомол мүшесі Қалиасқар Сыздықов өткен оқу жылында 10-класты бітірді. Қолына кәмелеттік аттестатты алған соң ол жолдастарына өзінің туған совхозында еңбек еткісі келетінін айтты. Оның бұл шешімін аудандық комсомол комитеті де құптады. Қалиасқар «Заря» совхозының мал фермасына жұмысқа кірді.

Комсомол мүшесі Сыздықовқа совхоз басшылары сенім білдіріп, бір отар қой берді. Алғашқы кезде мұнша қойды бағу Қалиасқарға онай да болған жоқ. Қалиасқар өзі сүйген ісін күн өткен сайын меңгере бастады. Арада қыс өтті. Тиянақтылық пен жауапкершілікті сезінген Қалиасқар өз отарынан бірде-бір қойды шығынға ұшыратқан жоқ. Өз уақытысымен азықтандырудың арқасында Қалиасқардың баққан қойлары қыстан күйлі шықты.

Көктемгі мал төлдету кезінде жас шопанның күткендегісіндей қозы шығыны болған жоқ.

Еңбек сүйген жас жігітті қарт малшылар ұнатады. Оған өз тәжірибелерін әрдайым айтып, ақыл беріп отырады.

К. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы,
«Заря» совхозы.

КІТАП МЕНІҢ СҮЙІКТІ ДОСЫМ

Мен көркем әдеби шығармаларды мектептің бастауыш кластарында оқып жүрген кезімде-ақ құмарлана оқуды әдет еттім. Әрбір оқыған кітаптарымның мазмұнын өзімнің достарыма, қарт әжеме әңгімелеп беруді сүйетін едім.

Қазіргі күндерде қазақ жазушыларының шығармаларымен бірге, орыс совет жазушыларының да шығармаларын оқып үйреніп жүрмін. Биыл Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын», А. Фадеевтің «Жас гвардиясын», М. Шолоховтың «Тынық Донын», В. Кавериннің «Екі капитанын» орыс тілінде түп нұсқасынан оқып шықтым. Осы оқыған кітаптарымның қысқаша мазмұнын, геройларының аттарын қойын дәптеріме жазып алып отырамын. Бұл әдіс менің оқығандарымды есімде ұзақ сақтауыма көмектеседі.

Менің қазір шағын кітапханам бар. Онда көрнекті орыс жазушыларының, қазақ жазушыларының өзім оқып шыққан шығармалары бар. Мен бұл кітаптарымды достарыма да оқуға беріп тұрам.

Ж. ЖАРАСБАЕВА,

Қарағанды облысы Ұлытау орта мектебінің оқушысы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі— Н. Лебедевтің «Футбол» деген суреті

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А.,


Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жаңындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 7/VI—1958. УГО0807. 84×108^{1/16} —0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 34544 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1200.



Фемалыс



УАҚЫТЫНДА

ЖҮМБАҚТАР

1. Дәл жаныңда тұрса да,
Ұстатпайды, алдайды
Қанша жүйрік болсаң да,
Ол да сенен қалмайды.
2. Мініп алдым үстіне,
Енді қалай тұрады.
Ойға келіп түсті де,
Менен көмек сұрады.
3. Ызыңдайды құлаққа,
Көре алмайсың бірақ та.

4. Бір ай бойы анасы
Бесігінде тербетті.
Енді, міне, қарашы,
Жүгіріп жүр, ер жетті.
5. Жүгірсе де шаңы жоқ,
Тоқтай алар халі жоқ.
6. Бас-аяғын әуре боп,
Іздесем де қанша күн,
Таусылатын түрі жоқ,
Жүре-жүре шаршадым.

Е. Скендіров,
студент.

1. Өзін құлаққа іледі,
Пайдасы көзге тиеді.
2. Бір анадан екі батыр
Екі кигіз үйде жатыр.
3. Астында бал жап-жайлы
Апам салған төсегі.
Жапыраққа байлаулы
Жасырынып өседі.
Ау тоқиды, жіп есіп,
Етегінде мекені.
Өз ауына ілесіп
Алысқа ұшып кетеді.

М. Жаманбалинов,
Павлодар қаласы.

«Пионер» журналының үшінші санындағы кроссвордтың, «Ат жүрісінің», жұмбақтардың жауаптары.

КРОССВОРД

Көлдөненінен:

3. Прага. 7. Қарға. 8. Ата. 9. Асқар. 12. Катюша. 13. Роман. 14. Ересек. 15. Ақт. 16. Ине. 17. Ортақ. 18. Волга. 19. Оқа. 21. Ана. 23. Іні. 24. Тир. 25. Тор. 26. Піл. 27. Мат. 28. Асу. 30. «Ара». 34. Ірі. 33. Тос. 35. Нан. 37. Тарас. 39. Өрмек. 40. Мен. 41. Рос. 42. Алматы. 43. Ере-

- же. 45. Кірпіш. 46. Виела. 47. Піл. 48. Имену. 49. Қушқа.

Тігінен:

1. Хартум. 2. Шығанақ. 4. Кас-теев. 5. Пакистан. 6. Ватерлоо. 10. Атрек. 11. Анион. 19. Ойпат. 20. Атлас. 21. Арман. 22. Алтын. 29. Сырдария. 32. Рембранд. 34. Өрнек. 36. Артек. 38. Смыслов. 39. Өскемен. 44. Есімше.

«АТ ЖҮРІСІ»

«Халық айтса, калып айтпайды».

ЖҮМБАҚТАР

1. Жел диірмен. 2. Әуе шары.
 3. Велосипед.
- Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: С. Темірболатов. (Талдықорған облысы, 28-гвардияшылар ауданы).

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Планеталардың ішіндегі күннен ең қашығы — Плутон планетасы. Плутон күннен 6 млрд. км. қашықтықта, мұның өзі жерге қарағанда 40 есе қашық деген сөз.

Сағатына 2 мың километр шапшаңдықпен ұшатын реактивті самолетпен ұшқанда Плутонға 350 жылдан соң ғана жетуге болады.

Жолаушы таситын самолеттердің ішіндегі ең үлкені — «Ту-114» самолёті. Бұған жүгімен 220 кісі сиып кетеді.

Біз бамбукты ағаш деп атауға әдеттеніп кеткенбіз. Шындығында, бамбук ағаш емес, ол — бүршікті шөп. Бамбук сағатына 2 см, ал 5—6 аптада 18 метрге дейін өседі. Кейбір кәрі бамбуктардың ұзындығы 50 метрге дейін жетеді.

Бамбук өте қатты болғандықтан техникада көп нәрсеге пайдаланылады.

Бамбуктан су жүретін трубалар, қайық, көпір, музыкалық аспаптар, ыдыс, елеуіш, желпуіш жасалады және ол үй құрылыстарына жұмсалады. Бамбуктың жас бұтақтарынан желкен, корзина, қол шатыры, шарбақ, ал оның талшықтарынан арқан, қытайдың құнды документтер жазатын жібек қағазы жасалады. Оның жімісінен жақсы сусын әзірленеді.

Қытайда сақталған кейбір документтерге қарағанда, қағаз туралы сөз ең бірінші рет біздің эрамыз-

ға дейінгі 12 жылдары айтылған екен. Қағаз алғашқы рет 76 жылдары (біздің эрамызда) пайдаланыла бастапты. Осыдан жүз жылдар өткен соң ғана қағазды қалай жасаудың жолдары жазылыпты.

Қағаз екі мың жылдар бойы тек жазу, сызу, кітап бастыру сияқты жұмыстарға ғана жарап келді. Кейінгі жылдары қағаз бұдан басқа да қажетке жарай бастады.

Ғалымдар парафин мен полиэтилен сіңген қағаздан ауа өтпейтіндігін анықтаған. Осындай қағазға нан оралса, ол бірнеше ай бойы сол жұмсақ калпын сақтайды. Қаладан не ауылдан қашықта экспедицияда, не балық аулау, аң аулау шаруашылығында жұмыс істейтін адамдарға жөнелтілетін тағамдар осындай қағазға оралатын болған. Бұл қағаздардан дастарқан да жасалады. Мұндай дастарқанды кенептен жасалған дастарқаннан айыру қиын.

Картоннан тарелка және таба жасалады. Картоннан жасалған тарелка әсіресе, ауруханаларда пайдалануға өте қолайлы. Ауру адам тамақ ішкен соң оны екінші рет пайдаланбай тастауға болады. Себебі, оны жасау өте арзанға түседі. Картоннан жасаған табаның іші мен сыртына жұп-жұқа етіп қалайы жағылады. Мұндай табалар 250 градус ыстыққа да жанбайды. Бұл таба саяхатқа шыққан адамдар үшін өте қолайлы.

Қағаздан простыня, жастықтың тысы, іш киімдер де жасалады.





ПИОНЕР

№ 8 АВГУСТ 1958
АЛМАТЫ

